

 Академия «Bolashaq»	Сапа менеджмент жүйесі Система менеджмента качества Годовой план работы учебно-методического управления	СМК ПП 106-2022 Версия 03 Дата 29.08.25 Стр.1 из 4
--	--	---



«Бекітемін»

«Bolashaq» академиясының ректоры

Аданов К.Б.

«29» 2025 ж.

2025–2026 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік басқармасының жұмыс жоспары

Мақсаты: оқу процесін жетілдіру, білім беру сапасын арттыру және Академияның аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.

Міндеттері:

- жоғары білікті мамандарды даярлауға арналған негізгі білім беру бағдарламаларын жобалау, әзірлеу, үйлестіру және жүзеге асыру сапасын қамтамасыз ету;

- оқу процесін цифрландыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру қызметін ұйымдастыруды жетілдіру;

- білім алушылардың кәсіби тәжірибесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелердің тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету;

- дуалды білім беру жүйесін жүзеге асыру және түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыру;

- студенттер мен түлектерді жұмыспен қамту қызметтерінің жоғары сапасын қамтамасыз ету;

- инновациялық және студентке бағытталған білім беруді дамыту;

- «Bolashaq» академиясының оқытушылары мен білім алушыларының академиялық ұтқырлығы аясында жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты дамыту;

- оқу процесін нормативтік-ақпараттық, әдістемелік және ұйымдастырушылық-кеңестік тұрғыда қамтамасыз ету;

- ғылыми және академиялық дәрежелері мен атақтары бар оқытушыларды білім алушыларды даярлауға тарту;

- кафедралардың оқу жүктемесін есепке алу және бақылау;

- болон үдерісінің негізгі параметрлерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

- лицензиялық және аккредитациялық талаптардың сақталуын, білім беру қызметінің сапасын бақылау;

- Академия құрылымдық бөлімшесі ретінде оқу-әдістемелік басқармасының қызмет тиімділігін арттыру;

 BOLASHAQ Академия «Bolashaq»	Сапа менеджмент жүйесі Система менеджмента качества Годовой план работы учебно-методического управления	СМК ПП 106–2022 Версия 03 Дата 29.08.24 Стр.2 из 4
--	---	---

МЖМБС пен үлгілік бағдарламаларды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Максатты көрсеткіштер:

- білім алушылар контингентін сапалы арттыру;
- ғылыми дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамының үлесін арттыру, оның ішінде академиялық ұтқырлық аясында жетекші ғалымдар мен шетелдік мамандарды тарту арқылы;
- оқытушылардың, штаттық қызметкерлер мен білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру;
- түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін және жұмыс берушілердің қанағаттанушылығын арттыру.

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауапты
1	Академияның ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізу	Жыл бойы	ОӘБ жетекшісі
2	Оқу-әдістемелік қызмет мәселелері бойынша ҚР БҒМ, ҚР ЖОО-ларының ОӘБ-мен тұрақты байланыс ұйымдастыру және қолдау	Жыл бойы	ОӘБ жетекшісі
3	Әдістемелік қызмет бойынша кеңестер мен семинарлар өткізу	Жыл бойы	ОӘБ жетекшісі
4	Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру	Жыл бойы	Академиялық ұтқырлық бойынша ОӘБ маманы
5	Студенттердің практикасын ұйымдастыру және өткізу барысына бақылау жасау	Жыл бойы	Практика бойынша ОӘБ маманы
6	Аккредиттеуден кейінгі мониторинг есебін дайындау	Жыл бойы	ОӘБ жетекшісі
7	Кафедраларды үлгілік оқу бағдарламаларымен қамтамасыз ету	Жаңа басылымдар шыққан сайын	ОӘБ жетекшісі
8	Ғылыми кеңес, ОӘК, ректорат отырыстарына ақпарат дайындау	Жоспар бойынша	ОӘБ жетекшісі
9	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік қызметін көрсету	Өтініш түскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде	ОӘБ жетекшісі, ОӘБ мамандары
10	Ұлттық және халықаралық ЖОО рейтингтеріне қатысу үшін деректер дайындау	Рейтинг жүргізілуіне қарай	ОӘБ жетекшісі, ОӘБ мамандары
11	Кафедралардың профессор-оқытушылар құрамының оқу жүктемесінің орындалуын есепке алу	Ай сайын	ОӘБ жетекшісі
12	Сағаттық төлем бойынша өтініштерді бухгалтерияға тапсыру	Ай сайын	ОӘБ жетекшісі
13	ПОҚ оқу жүктемесін жоспарлау туралы бұйрық дайындау	2025 ж. тамыз	ОӘБ жетекшісі
14	ПОҚ кафедраларының оқу жүктемесін	2025 ж. тамыз	ОӘБ жетекшісі

 Академия «Bolashaq»	Сапа менеджмент жүйесі Система менеджмента качества Годовой план работы учебно-методического управления	СМК ПП 106–2022 Версия 03 Дата 29.08.24 Стр.3 из 4
--	---	---

	есептеу, штат кестесін құрастыру және түзету, сағаттық қорды бөлу		
15	Білім алушылар мен ПОҚ-ның академиялық ұтқырлық жоспарларын құрастыру бойынша кафедралардың жұмысын үйлестіру	2025 ж. тамыз	Академиялық ұтқырлық бойынша ОӘБ маманы
16	Академия сайтына ОӘБ туралы акпаратты жаңарту	2025 ж. қыркүйек	ОӘБ мамандары
17	Бланк өнімдерімен қамтамасыз ету	2025 ж. қыркүйек	ОӘБ жетекшісі
18	Түлектердің жұмыспен қамтылуын мониторинг жасау	2025 ж. қыркүйек-қазан	Практика бойынша ОӘБ маманы
19	2025–2026 оқу жылына дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертация тақырыптарын бекіту туралы ректор бұйрығын қалыптастыру үшін ұсыныстарды дайындау	2025 ж. қазанға дейін	ОӘБ жетекшісі
20	«Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы мен құрамын Ғылыми кеңеске бекітуге ұсыну	2025 ж. қазанға дейін	ОӘБ жетекшісі
21	Білім беру бағдарламалары бойынша Қорытынды аттестаттау комиссияларының төрағалары мен құрамын Ғылыми кеңесте бекітуге ұсыну	2025 ж. қазанға дейін	ОӘБ жетекшісі
22	Дипломдар мен қосымшаларды басып шығару үшін типографияға шығын сметасын жасап, тапсырыс беру	2025 ж. 30 қарашаға дейін	ОӘБ жетекшісі
23	Жоғары және ЖОО-нан кейінгі білім беру бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыру конкурсына қатысу үшін құжаттар мен мәліметтер дайындау	2026 ж. наурыз	ОӘБ жетекшісі
24	«Фармация» ББ бойынша бітіруші курс студенттерін кәсіби дайындықтың тәуелсіз бағалауына дайындау жұмыстарын ұйымдастыру	2026 ж. ақпан	ОӘБ жетекшісі
25	Кафедралардың білім беру бағдарламаларын және жұмыс оқу жоспарларын жаңарту қызметін бақылау	2026 ж. сәуір-маусым	ОӘБ жетекшісі және мамандар
26	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жаңарту бойынша Академиялық комитеттердің жұмысына қолдау көрсету	2026 ж. сәуір-маусым	ОӘБ жетекшісі
27	Студенттердің қорытынды аттестациясын ұйымдастыру және өткізілуін бақылау	2026 ж. мамыр-маусым	ОӘБ жетекшісі, мамандар
28	2026 жылғы бакалавриат түлектеріне BD дипломдарын EPVO жүйесінде генерациялау	2026 ж. маусым	ОӘБ мамандары

 Академия «Bolashaq»	Сапа менеджмент жүйесі Система менеджмента качества Годовой план работы учебно-методического управления	СМК ПП 106–2022 Версия 03 Дата 29.08.24 Стр.4 из 4
--	--	---

29	2026 жылғы түлектерге берілген дипломдардың дереккорын құру, тіркеу нөмірі мен берілген күнін енгізу. Дипломдарды толтыру және басып шығару	2026 ж. маусым	ОӘБ жетекшісі, мамандар
30	Студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы бойынша жылдық есеп дайындау	2026 ж. маусым	Академиялық ұтқырлық бойынша ОӘБ маманы
31	Аттестациялық комиссия төрағаларының есептерін тапсыруын бақылау	2026 ж. маусым	ОӘБ жетекшісі
32	Оқу-әдістемелік басқарманың жылдық есебін дайындау	2026 ж. маусым	ОӘБ жетекшісі

ОӘБ басшысы



Г.Т.Таликова

Келісілді:

Академиялық сұрақтар бойынша проректор



С.Б.Бекжанова

Стратегиялық мәселелер бойынша проректор



А.М.Жакулаев